

Esil-Nura

Қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық, жарнамалық басылым

2026 жыл 6 тамыз бейсенбі № 30 (481)

■ Президент

СПОРТ ПЕН ИНТЕЛЛЕКТІНІ ҮЙЛЕСТІРГЕН ДОДА



Мемлекет басшысы Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Астанада өтіп жатқан «Болашақ ойындары – 2026» халықаралық мультиспорт турнирінің ашылу салтанатына қатысып, сөз сөйледі. «Барыс Арена» стадионында ұйымдастырылған іс-шараға Өзбекстан

Президенті Шавкат Мирзиёев, Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров, Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон және басқа да ресми тұлғалар құрметті қонақ ретінде қатысты.

Жалғасы 2-бетте.

■ Ауыл – Ел бесігі

АЛТЫНДЫ АЛҚАП

Аудан туралы алғашқы әсер оның адамдарымен етене жақын таныспай жатып қалыптасады. Қазіргі кезде аудан қонақтары мен тұрғындарын аудан орталығына кіре беріс жол ғана емес, алтын секілді толқындана өскен күнбағыс алқабы қарсы алады.

Күн сәулесімен жарқыраған сары алқап біздің өңіріміздің визитті көршісін айналған десек болады. Бұл оның көркі мен адамдардың күші және еңбекқорлық қасиетті айғақтайды.

Күнбағыс – бұл ауылшаруашылығы дақылы, өмір мен берекенің, қасиетті Жер Анаға деген құрметтің ерекше белгісі.

Біздің көпшілігіміз күнімізді жаңа бастаған кезде диқандар алқаптарда болашақ өнім қамы үшін еңбек көрігін қыздырып жүреді.

2026 жылы аудандағы майлы дақылдар алқабы 49 мың гектарды құрады, оның 18,6 мың гектары осы күнбағыстың үлесінде. Әрбір санның астарында статистика емес, нанның, астықтың қадірін білетін адамдардың күн сайынғы еңбегі жатыр.

Алтынды алқап ауданның нағыз береке-байлығын паш етіп тұрғандай. Күсті қолды диқандар осы алқаптағы әрбір дәнді молшылыққа айналдырады. Олар үшін әрбір алқап қымбат, олар сол теңіздей



толқыған алқаппен мақтанады.

Сондықтан өңірімізге аяқ басқан әр адам өзімен бірге тек күнбағыс алқабының әдемі суретін әкеліп қана қоймай, осы молшылықтың бастауында тұрған адамдардың қажырлы еңбектерін де жадыларына тоқыса деген иеттеміз.

Керімсал самал ескен, нан иісі аңқыған алқап – бұл диқандар өмірінің бір бөлшегі іспетті.

Егінжай алқабы - біздің алтынымыз, адамдар - біздің байлығымыз. Ал күнбағыс – еңбек пен жерге деген құрметтің нышаны.

Т. ТӘШКЕЕВ, өз тілшіміз.

Ақмол.

ҚҰРЫЛТАЙ — 2026

ҚҰРЫЛТАЙ 23 тамыз

ЖАҢАРУ ҮШІН ДАУЫС БЕР!

Дауыс беру күні тізімге енгізілген сайлау учаскесіне келу мүмкіндігі жоқ Қазақстан азаматтары сайлау учаскелерінен тыс жерде дауыс бере алады

Негіздері:

- Денсаулық жағдайына
- Отбасының сырқат мүшесіне күтім жасауына
- Шалғайдағы және қатынасу қиын аудандарда болуына байланысты

Сайлаушы орналасқан жері бойынша дауыс беру туралы учаскелік сайлау комиссиясына жазбаша өтініш бере алады

Өтініш беру мерзімі: Сайлау күні Жергілікті уақыт бойынша сағат 12:00 дейін

Үй-жайдан тыс жерде дауыс беруге арналған тасымалданатын жәшікті сайлау комиссиясының екі мүшесі алып жүреді

Байқаушылар және сенім білдірілген адамдар комиссия мүшелеріне ілесіп жүруге құқылы

Бюллетень жеке басын куәландыратын құжаты мен жазбаша өтініші негізінде беріледі

Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы www.election.gov.kz

ҚҰРЫЛТАЙ 23 тамыз

ЖАҢАРУ ҮШІН ДАУЫС БЕР!

23 ТАМЫЗДА Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау өтеді

Қазақстан Республикасының Құрылтайы – еліміздің заң шығару билігін жүзеге асыратын жоғары өкілді органы

Құрылтай депутаттары **5 жыл** мерзімге сайланады

Құрылтайдың құрамына партиялық тізім бойынша сайланатын **145 депутат кіреді**

Сайлау жалпыға бірдей, тең және төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы өткізіледі

25 жасқа толған және елдің аумағында соңғы 10 жыл бойы тұрақты тұрып жатқан Қазақстан Республикасының азаматы депутат бола алады

Партиялық тізімге енгізілген әйелдердің, жастардың, мүгедектігі бар адамдардың жиналтық саны оған енгізілген адамдардың жалпы санының кемінде 30 пайызын құрауға тиіс

Партиялық тізімдегі адамдарды орналастыру тәртібін саяси партиялар дербес айқындайды

Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы www.election.gov.kz

САЙЛАУШЫЛАР ТІЗІМДЕРІНДЕ ӨЗІҢІЗДІ ҚАЛАЙ ТЕКСЕРУГЕ БОЛАДЫ?

2026 жылғы 23 тамызда Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау өтеді.

Әрбір азамат өзі туралы сайлаушылар тізімдеріндегі деректерді оның тұрғылықты жері бойынша құрылған сайлау учаскелерінің үйжайларында дауыс беретін күнге он бес күн қалғанда немесе 2026 жылғы 7 тамыздан бастап тексере алады.

Әскери бөлімдерде, шалғай және қатынасу қиын аудандарда, демалыс үйлерінде, санаторийлік-курорттық ұйымдарда, үздіксіз жұмыс істейтін өндірісі бар ұйымдарда, жұмысты вахталық әдіспен ұйымдастыру орындарында, қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін арнаулы мекемелерде, Қазақстан Республикасының шет мемлекеттердегі өкілдіктерінің жанынан құрылған сайлау учаскелерінде сайлаушылар тізімдермен дауыс беру күніне бес күн қалғанда немесе 2026 жылғы 17 тамыздан бастап таныса алады.

Тізімге енгізілмеген, дұрыс енгізілмеген немесе тізімнен шығарып тасталған, сондай-ақ дәлсіздік жіберілген жағдайда азамат сайлау комиссиясына сайлаушылар тізімдеріндегі деректерді түзету қажеттігі туралы шағымдануға құқылы. Түзетуді немесе тізімге енгізуді сайлау комиссиясы дереу жүргізеді. Сайлау комиссиясы өтініш мақұлданбаған жағдайда азаматқа оның өтінішінің мақұлданбағаны туралы уәжді шешімнің көшірмесін дереу береді. Шешім бойынша сайлау комиссиясы орналасқан жердегі сотқа шағым жалалуы мүмкін, сот шағымды келіп түскен күні қарайды. Жаңару үшін дауыс бер!

Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы.

■ Президент

СПОРТ ПЕН ИНТЕЛЛЕКТІНІ ҮЙЛЕСТІРГЕН ДОДА



Жалғасы. Басы 1-ші бетте.

Жиында сөйлеген сөзінде Қасым-Жомарт Тоқаев алдымен бауырлас елдер басшыларына, құрметті қонақтар мен халықаралық турнирге қатысу үшін келген спортшыларға ризашылығын білдірді.

– Ең алдымен, шын жүрегіммен бәріңізге елордамыз – Астанаға қош келдіңіздер деймін! Біз «Болашақ ойындары – 2026» халықаралық сайысын бастаймыз. Бұл – елдеріміз арасындағы достық қарым-қатынасты нығайтатын мағынасы айрықша тарихи іс-шара. Дүбірлі дода биыл Қазақстанда алғаш рет өтіп жатыр. Біз үшін бұл – зор мәртебе.

Жаңа ғана Ресей Президенті Қазақстанға және барша спортшыларға арнайы құттықтауын жолдады. Ыстық ықыласы үшін Ресей көшбасшысы – Владимир Владимирович Путинге зор ризашылығымды білдіремін.

Салтанатты рәсімге Тәжікстан Президенті Эмомали Шарипович Рахмон, Өзбекстан Президенті Шавкат Миромонович Мирзиёев, Қырғызстан Президенті Садыр Нургожоевич Жапаров қатысып отыр. Бауырлас елдердің басшыларына және ресми делегация жетекшілеріне алғыс айтамын. Баршаңызға мәлім, «Болашақ ойындары» – Ресейдің бастамасымен жүзеге асқан жоба. Бұл жобаның сәтті іске асуы Президент Владимир Путиннің арқасы деуге толық негіз бар. Аз уақыт ішінде бұл жарыс жаһандық деңгейдегі сайысқа айналды.

Бірінші дода Қазан қаласында өтіп, содан кейін Абу-Дабиде жалғасын тапты.

«Ал бүгін бәріміз Ұлы дала төсінде бас қосып отырмыз. Елордамызға 30-дан астам мемлекеттен 800-ге жуық спортшы келді. Астанадағы «Болашақ ойындары» классикалық спорт пен кибериндустрияны тоғыстырған жаһандық фиджитал-қозғалысқа тың серпін береді деп сенемін» - деді Президент.

Мемлекет басшысы сонымен қатар қазіргі бүкіл әлемде болып жатқан түбегейлі өзгерістерге тоқталды.

– Озық технологиялар барлық салаға еніп, адамдардың тұрмыс-тіршілігіне ықпалын тигізуде. Жаңа дәуірдің талаптарына сай болу үшін біз толық цифрланған мемлекет құруға кірістік. Қазақстан Парламенті Цифрлық кодекс және Жасанды интеллект туралы арнайы заң қабылдады. Бұл заңдар осы аса маңызды саланың дамуына үлкен серпін берді. Басқаша айтсақ, бұл қадам еліміздің озық мемлекеттер қатарына қосылуының айқын дәлелі болды.

Бірінші шілде күні еліміздің жаңа Конституциясы заңды күшіне енді. Бұл халқымыз үшін тарихи оқиға болды деп айтсақ, артық емес. Бас құжатта еліміздегі жасанды интеллектінің жоғары қарқынмен дамуына және азаматтардың цифрлық әлемдегі құқығын қорғауға нақты кепілдік берілді. Бұл – шын мәнінде, бұрын-соңды болмаған, яғни өркениетке қарай жасалған озық қадам» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент осы жылды Цифрландыру және жасанды интеллект жылы деп жариялағанын да атап өтті.

– Осылайша цифрлық болашаққа нық сеніммен аяқ бастық. Бұл мемлекетіміздің алдында тұрған аса маңызды стратегиялық мақсат. Осы міндетті біз бәріміз біртұтас қоғам ретінде іске асыруымыз қажет. Сондықтан қазір елімізде жаңа заманға қажетті мамандар даярлау ісі тұрақты түрде жүзеге асырылып жатыр. Қазақстанда AI-Sana мемлекеттік бағдарламасы арқылы қазірдің өзінде жүздеген мың азамат тиісті құзыреттер мен дағдыларды меңгерді. Биыл күзде Астанада Жасанды интеллект университеті ашылады. Елімізде нейрожелінің көмегімен түсірілген фильмдердің халықаралық фестивалі өтеді. Сондай-ақ, келесі жылы елордамызда Халықаралық киберспорт федерациясының қолдауымен әлемдік дода ұйымдастырылады. Бұл – Қазақстанда іске асып жатқан ауқымды бастамалардың бір бөлігі ғана, - деді

Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев спорттың күш-қуаты, ақыл-ой мен цифрлық дәуірдің орасан әлеуеті үйлесім тапқан турнир баршаға ортақ жасампаздық ұстанымымен толық үндесетінін айтты.

– Елордамызда, шын мәнінде, ерекше іс-шара өтіп жатыр. Бұл – спорт пен интеллектінің үйлесімі, сонымен қатар күш-қайрат пен зияткерлік әлеуеттің бәсекесі. Олар арасында қарама-қайшылығы жоқ, керісінше бір-бірін толықтыратын ұғымдар екеніне көзіміз жетіп отыр. Алдағы сайыстардың түпкі философиялық мәні де – осында. Осынау жаһандық ауқымдағы ойындар барша адамзаттың жарасымды әрі бейбіт болашағын айшықтайды. Қазақстан қашанда халықаралық қауымдастықпен бірге бейбітшілікті, қауіпсіздікті, әділеттілік пен дамуды қолдай береді.

Бұл турнир кереғар дүниелерді бір арнаға тоғыстырады. Оның негізінде шынайы және виртуалды әлем арасындағы ақылға қонымды тепе-теңдік жатыр.

Осы аренаға негізінен жастар жиналып отыр. Сіздер білімді, талантты, еңбекқор, талапты болсаңыздар, болашақтың іргетасы бекемделе түсетіні анық. Алда өздеріңізді биік белестерге бастайтын соқтықпалы-соқпақсыз жол күтіп тұр. Ой-пікірі ортақ, мүддесі бір, сенімді серіктер жандарыңыздан табылғанда ғана бұл жолды еңсеру оңай болмақ.

Ойынға қатысушылардың әрқайсысы тыңғылықты дайындықтан өтті. Олар өз командаларының намысын абыроймен қорғауға әзір. Сіздер «жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» шығып, жаңа достар тауып, келешегі зор жобаларды бірлесе қолға аласыздар деп сенемін. Себебі, «Болашақ ойындарының» басты миссиясы – адамдарды жаңа жетістіктер жолында жұмылдыру және жігерлендіру.

Үлкен спорт қай кезде де әртүрлі мәдениеттерді тоғыстырып, мемлекеттер мен халықтар арасын жақындатуға себепкер болған. Сондықтан жаһандық сын-қатерлер өршіп тұрған жағдайда осындай бірегей жобалардың мән-маңызы арта түсетіні анық. «Болашақ ойындары» елдеріміздің арасындағы ынтымақтастықтың, достық пен келісімнің «алтын көпіріне» айналады деп сенемін», - деді Президент.

Бұдан соң, Мемлекет басшысы спортшыларға сәттілік тілеп, ұйымдастырушыларға, серіктестерге, төрешілер мен бапкерлерге, тиісті мамандарға және еріктілерге шынайы ризашылығын білдірді.

– Сөз соңында осы тамаша спорт мерекесін өткізуге атсалысқан барша азаматқа шынайы ризашылығымды білдіремін. Ұйымдастырушыларға, серіктестерге, төрешілер мен бапкерлерге, тиісті мамандарға және еріктілерге алғыс айтамын. Бұл ойындар халықтарымыздың тамыры терең достығын бекемдейді, береке-бірлігін арттыра түседі деп сенемін.

Спортшыларға сәттілік тілеймін!

Біз сіздерден тартысты ойын күтеміз. Ендеше, «Болашақ ойындары – 2026» сайысын ашық деп жариялаймын!», - деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Ашылу салтанатында Ресей Президенті Владимир Путиннің турнир қатысушыларына бейнеүндеуі көрсетілді.

Сонымен қатар жиында «Болашақ ойындарының» бас директоры Дэн Меркли сөз сөйледі. Бұдан соң көрермен театрландырылған шоу мен отандық эстрада жұлдыздары қатысқан концерттік бағдарламаны тамашалады.

Айта кетсек, 29 шілде – 9 тамыз аралығында Астана қаласында алғаш рет киберспорт пен спорттың дәстүрлі түрлерінен және жаңа технологияны ұштастырған халықаралық турнир өтеді. Биылғы сайыстарға 34 елден келген 800-ден астам спортшы қатысады.

Астанадағы турнирде спортшылар фитжитал-футбол, фитжитал-баскетбол, фитжитал-жекпе-жек, фитжитал-шутер, фитжитал-би, Dota 2, Mobile Legends: Bang Bang және PUBG: Battlegrounds секілді 8 бағытта күш сынасады.

«Egemen Qazaqstan», №141.



■ Тарих беттерінен

НАЙЗАҒАЙДЫҢ ЖАРҚЫЛЫ ...

**Атыңнан айналайын Қарқаралы,
Сенен бұлт, менен қайғы тарқамады...**

Биыл – саңлақ сері, мысы басым мықтылардың бірі, өнері өзгеше, өр Мәдидің туғанына 145 жыл болыпты. Осыдан 20 жылдай бұрын, 2005 жылы «Орталық Қазақстан» газетінде айбынды атамыз жайында бір жазбам жарық көріп еді. Рухы шат болсын, текті тұлғаның!

Осынау текті де кекті ән-өлең ХХ ғасырдың басында Алаш аспанында қалықтады. Ежелден қасиет қонған, киелі Қарқаралыны әлдилеген бұл трагедиялық туындының иесі – Мәди Бәпиұлы еді. Ол – өз дәуірінің өзгеше тұлғасы, аз жазса да саз жазған саңлақтың бірі болды.

Мәдидің шығармашылығы дегенімізде, ең алдымен оның сегіз қырлы, бір сырлы сері екендігі есімізге түседі. Ал ақындығы, сазгерлігі, әншілігі – бір биік таудан бұлқынып, жарыса аққан үш өзенді көз алдымызға әкеледі. Дәл осылай буырқанған, арқыраған ағыстар қосыла келе таланттың тамаша теңізіне айналған.

Мәдидің қанында тектілік, туған жерінде кие болғандықтан қара өлең мен асқақ ән қатар келіп, қасиет боп қонды. Оның алапат та адуынды (бунтарь) ән-өлеңдері сонау Күлтегін мен Махамбеттің аралығындағы одан бері де Мағжан, Қасымға жалғасқан ұзақ сонар бекзат болмыстың туын биіктете түсті.

Сақтардың соңғы тұяғы, көшпелілердің кесек көрінісі, ұлтымыздың әнші-сазгері, текті тұлға Мәди Бәпиұлының шығаланды өмірін, ғажайып өнер өрімін айғақтайтын қазақ әдебиетінде біраз шығармалар баршылық. Солардың алдыңғы легінде халық жазушысы Әлжаппар Әбішев ағамыздың «Найзағай» деп аталатын романы тұр. Басқа да көркем туындылар һәм деректі дүниелер Мәди образын жарқыратып көрсетуге сүбелі үлестерін қосты десек те, айта кетер бір жайт, Мәди өлең-әндерімен өз бейнесін өзі жасаған өнерпаз.

Мәселен:

Арғы атам – әулие өткен ер Қазыбек,

Бекболат – оның ұлы болыпты бек.

Тіленші – одан туған абзал шері,

Қарадан хан боп өткен бәрі асыл тек.

Атамыз одан кейін Алишанбай-ды,

Аруағын естіген жан қалшылдайды.

Атағың Алатаудай бабаларым,

Көрдің бе осы күнде біздің жайды.

Сұрасаң Мәди еді менің атым,

Кем емес еш адамнан салтанатым.

Кешегі бауыр Бошан ортасында,

Жаралған артық болып асыл затым...

Бұл өлеңмен жазылған көркем шежіре. Ата-текті түгелдеу тектіліктің белгісі. Түп тамыры ежелгі сақ, ғұндардан басталған алтын арқауды айтпағанның өзінде, бергі бабасы Қаздауысты Қазыбектен тараған жібек желінің өзі осал емес. Жалпы, тектілікті айту, насихаттау – ол мақтанғандық болмаса керек. Керісінше, адамның рухын көтеру, жас ұрпаққа табандылық, ерлік дарыту. Батыр бабалардың ерлік істерін айта отырып, жауқазын жастың жүрегіне, санасына асыл қасиеттерді сіңіру. Күнделікті өмірімізге аса қажетті патриоттық тәрбие дегеніміздің өзі осы емес пе?!

Мәдидің өз басы қайшылықты қоғамда өмір сүрді. Екі ғасырдың тоғысында, тарихтың толғағында шығармашылығы дүниеге келді. Өзінің өлең-

әндерімен өнерпаздың өршіл тұлғасын әрі асқақ рухын қалыптастырды. Әдебиет пен өнердегі өз бейнесін көрсете алды.

1917 жылғы төңкеріс кезінде екі тап бір-біріне тап-тап беріп, жеңіс еңбекші халық жағына ойысқанда Мәди де бір кісідей қуаныпты. Оған куә боларлық өлең жолдары да бар:

Жастық шақ жиырма-отыз бұғауда өтті,

Қырықта бостаншылық шықтым тауға.

Болғанда тілім-қылыш, қалам-найза,

Сілтейін, кетпесін кек, залым жауға.

Иә, даңқы дүрілдеген Мәди қанша жерден өнерпаз, сері, текті тұқымнан болғанымен жасынан әділет сүйіп, әлі де есесі кеткен халық жағында жүргендігі белгілі. Бүкіл өмірі мен өнерін зорлықшыл шонжарларға, тоқ қарын топастарға және шолақ белсенділерге қарсы күреске арнаған. Өмір бойы шырылдап шындық, әлекке түсіп әділет іздеген.

Азаттық, теңдік аңсаған текті жан алғашында қуанғанымен, көп ұзамай жаңа кеңес үкіметінен де көңілі қалады. Өйткені қайда барса да алдынан бұрынғы арам кулар мен пысықтар шыға береді. Қызылдардың өзі тағы қудалауға ұшыратады. Сол аласапыран тұсты өз көзімен көрген Мәдидің қапылыста қазаға ұшырар алдындағы соңғы өлеңдерінің біріне ден қойсақ:

Қып-қызыл нарттай қара шың,

Қази-ау, зарлап қаласың...

Қызылдар, ақ боп бөлініп,

Елімнен кетті-ау жарасым, - деген шеменді шерін тектен-текке айтпағанын аңғарамыз. Өте аянышты, ауыр ой. Қайғылы, қасіретті сөз. Түсінгенге мұның астарында түпсіз терең мұң жатқан сияқты.

Өмірінің біраз жылдарын Қарқаралы түрмесінде өткізген тұстарда Алаштың Ахмет Байтұрсынұлы, Жакып Акбайұлы секілді озық ойлы азаматтарымен бірге отырды дейтін пікірлер де қисынға келеді.

Ол кезде Мәдидің өнері де ісі қазаққа танылған болатын. Атақты Қоянды жәрмеңкесі Мәди ауылымен шектесіп жатыр. Сол замандағы белгілі адамдардың біразымен бірге жүріп, аралас-құралас, дәмдес болғандығы, оның үстіне ұлы Абайдың жары Ділдәнің жакын бауыры екендігі де мұндай ой-пікірлерге жан бітіретіндей.

ХІХ ғасырдың орта шенінен қазан төңкерісіне дейінгі орыс әдебиетінің поэзиясында орын алған асау да тентек ағымдар, тіпті кейбір ақындардың әділетсіз қоғамға бөгелекше тиіскен «бүлікшіл» элементтері сияқты казак өнерінде де осы тұста асау, өршіл рухтағы әндер мен күйлердің тұтастай галереясы қалыптасқаны айдай анық. Оның қайнар көзі, бастау бұлағы сонау көне замандардан басталып, жолай жыраулар поэзиясымен жанданып, жалданып жетті. Біржан, Ақан, Құрманғазы, Жаяу Мұса, Мәди, Иманжүсіп секілді өнерпаздар аталмыш ағымның басты өкілдері.

Ол кезде қазақтар осынау «асау ағымды» поэзиядан гөрі ән мен күй әлемінде жақсы жеткізе білген. Азаттық аңсаған, өршіл рухтағы күрескер ән-күйлер теңсіздік, әділетсіздік жайлаған ескі қоғамды теңселте түскендей еді. Мәдидің және оның өнерпаз замандастарының мықтылығы сол, олар - өнерлері арқылы зұлым заманға қасқая қарсы тұрып, шешілмей жатқан шерменде сұрақтарға нақты жауаптар іздеді. Ән-күйдің күшті әсері арқылы қоғамның құбыжық суретін салды. Әрбір ән мен күйден замана зары, дәуір дерті анық сезілгендіктен



сол туындылардың барлығы да классикалық деңгейге көтерілді.

Мәдидің мұрасы дегенде, бізге белгілі толықсып туған айдай 4 ән-өлеңі ойымызға оралады. Олар: «Қарқаралы», «Қаракесек», «Үшқара», «Шіркін-ай». Көпшілікке жетпеген, бізге белгісіз басқа ән-өлеңдері де болуы мүмкін. Дегенмен де осы төрт әннің өзі-ақ Мәдидің музасын мәңгілік етті.

Сазгердің сезімді тербер «Шіркін-ай» әні атының өзінде айтылғандай замананың ғажап үні. Тыңдап отырсаң бұл әннен Мәдидің мұңы мен сағынышына қасіреті қосылып, көз алдымызға қанаты сынған қыранның қайғылы кейпі елестері сөзсіз. Мұнан Мәди мұңымен бірге мезгілдің де мұңы анық байқалатындай. Ал, атақты «Қаракесекті» қалықтатқан кезде аспан аясында Мәдидің асау рухы алапат күшпен азаттық әлеміне ұмтылады. «Қарқаралы» мен «Үшқара» туындылары өзінің асқақтығымен әрі тереңдігімен қымбат. Бұл – китұрқы қоғамға қарсы атылған азалы жыр, айбынды ән. Ашынған ақын-сазгердің ғаламат дауысынан оның портреті, азаматтық болмысы, тағдыры түгел көрініп тұрғандай.

«Үшқара» әнінің сөздерінде үлкен салмақ бар.

Сүйендім абақтының иарбазына,

Сыйындым бабам Қазыбек аруағына.

Бір кезде қаршығадай қалықтадым,

Бұл күнде мен аңшының қармағында.

Түз тағысы қаршығаның торға түскен қиын халін, қармаққа ілінген шортанның шерлі күйін аз сөзбен алдымызға жаяды.

Осы өлеңінің соңғы шумағындағы:

Есіме қайран елім сен түскенде,

Көл қылып көздің жасын баса алмадым... деген пікірі Иманжүсіп ақынның:

Еске түссе, қайтейін, Ерейментау,

Көзімнен ақты парлап жастарым-ай! – дейтін өлең жолдарымен үндеседі. Заманы, зары, тағдыры бір қос тұлғаның елім деп еңірген көз жастары бір арнада тоғысқандай. Бұл өлеңдерден азап шеккен азаматтың туған жерге, елге деген сағынышын, кимас сезімін анық көруге болады.

Бір ерекшелігі – Мәди өлеңдерінде символистік, сентименталистік сарындар байқалмайды. Ол жаны қанша қиналып, азап шеккенімен өмірден түңілмейді. Тәуекелге бел байлап, келешегін көргісі келеді.

Айталық:

Немене, көрген қызық көрмегендей,

Жас дәурен жауар бұлт өрлегендей,

Жігіттік көк семсердің жүзі емес пе,

Қайрап ап қалың жауға сермегендей.

Өмірдің қысқалығы, қызығы, жастық шақтың жайлауы, сол жайлауда еркін көсілген тұлпардың дүбірі, зеңгір аспанда қалықтаған хас қыранның саңқылы, сол бөктерде жортқан жас бөрінің жауға ұмтылған адуынды бейнесі шағын ғана шумаққа сыйып кеткен.

Сыйындым бабам Қазыбек аруағына, - деуінде де үлкен мән жатыр. Аруаққа сыйыну – рухты көтеру. Олай болса, ақын туындыларында оптимистік көзқарас, болашаққа деген үміт-арман тұнып тұр.

Кезінде музыканың маманы, академик Ахмет Жұбановтың: «Мәдидің «Қаракесегі» бүкіл қазақ халқының гимні ғой» деген пікірі бұл сөзімізге дәлел.

Шындығында, «Қаракесек» ән-өлеңі – Мәдидің реквиемі. Мәдидей мұзбалақтың торға түскен, буыршынның мұзға тайған мұң-зары. Жан азасынан жазылған қайғылы шері. Мұндағы Қаракесек Мәди – қазақ! Ол – басына бұлт төнген Алаш елі. Жалқының жүрегі жалпыны қамтыған. Жалғыздың жанайқайы асқақ романтикалық леппен аспандап барып, Күн сияқты күллі Алашын аймалап тұрғандай. Академик ағамыз айтқандай, гимн десе – гимн, әнұран десе - әнұран!

Әлімжан ҚҰТЖАНҰЛЫ.

Қарағанды – Қарқаралы.



■ **Елдік іс**

Оразақ ауылында жаңа үлгімен салынған фельдшерлік амбулатория пайдалануға берілді

Көптен күткен бұл қуанышты оқиғаға ауыл халқы көп жиналды. Бірлік ауылынан да арнайы адамдар келді. Емхананың ашылу рәсімін ауылымыздың құрметті ақсақалы, аудандық батағөйлер жарысының жеңімпазы Түсіпбеков Камалиден әдемі батасымен ашып берді. Ақсақалдар кеңесінің мүшесі, ардагер Жанпейсов Қуат ғимараттың ашылу лентасын қиып, Бірлік ауылынан келген Әбілдин Елубай мен Хасенова Баян апамыз ізгі тілектерін білдірді.

Бірлік ауылы негізгі мектебінің директоры Өмірова Гаухар домбырамен өзінің арнау термесін орындап, көпшіліктің ықыласына бөленді.

Шара барысында көп балалы аналар Нысанбаева Солидид «Алтын алқа», Жиналина Нұргүл «Күміс алқа» төсбелгісімен марапатталды. Әубәкірова Тұрсын, Түсіпбеков Камалиден, Түсіпбекова Бахыттың есімдері Қазақстанның Алтын кітапқа еніп, «Алтын кітап» медалімен марапатталды.

Жаңа ғимаратты аға дәрігер Тұңғышбаев Бек-бол қабылдап алысымен жұмысына кірісіп кетті.

ЖАҢА ЕМХАНА АШЫЛДЫ



Жиналғандар ғимараттың ішкі ем-дом қабылдау кабинеттерімен танысып, жақсы әсер алды. Амбулаторияда күндізгі ем-дом, стационарлық жатар орынға дейін қарастырылған. Іс шара «Алтын балық» бала бақшасы бүлдіршіндерінің және әжелер ансамбілінің шағын концертімен аяқталды.

Асылбек РАМАЗАНҰЛЫ,
зейнеткер.

Оразақ.

■ **Тоқтаңыз: Алдау**

ЖАҢА БУЫНДАҒЫ ИНТЕРНЕТ-АЛАЯҚТАР

Цифрлық дәуір қоғамға бұрын-соңды болмаған мүмкіндіктер ашты — сонымен қатар жаңа қауіп-қатерлерді де алып келді. Бүгінде алаяқтар бұрынғыдан да айлакер әрі технологиялық тұрғыдан жетілген, адамдардың сенімін өз схемаларының негізгі ресурсына айналдыруда. Қоғамдық қауіпсіздік қатерлері мен тәуекелдерін болжау орталығының мәліметінше, интернет-алаяқтықтың тұрақты өсімі байқалуда. Қаскөйлер заманауи технологиялар мен психологиялық әдістерді пайдаланып, азаматтарды қаржылық алаяқтықтарға тартуда.

Алаяқтықтағы инновациялар әрқайсымыздан жауап ретінде саналы әрекет пен үздіксіз өзін-өзі дамыту талап етеді. Жаңа схемаларды бақылап, бұл ақпаратты жақындармен бөлісу маңызды, әсіресе тәуекел тобына жиі түсетін аға буын өкілдерімен. Антивирустық бағдарламаларды тұрақты жаңарту, күрделі құпиясөздерді қолдану және екі факторлы аутентификация — бұл енді жай ұсыныс емес, цифрлық гигиенаның базалық элементтері.

Егер бұрын алаяқтар «Қазатомпром» сияқты белгілі компаниялардың жалған сайттарымен шектелсе, бүгінде олардың құралдары айтарлықтай кеңейді.

Қарапайым схемалардың орнына келесілер келді:

- * екінші деңгейлі банктер мен ірі құрылыс компаниялары ретінде жасырынған жалған инвестициялық платформалар;
- * танымал тұлғалардың дауысын және бейнесін имитациялайтын deepfake технологиялары;
- * сенім мен бедел иллюзиясын қалыптастыратын жеке сценарийлер. Басқаша айтқанда, алаяқтық тек цифрлық емес — ол сендіруге бағытталған өзіндік «театрға» айналады.

Ерекше алаңдаушылық тудыратын жайт — бұрын қаржы жоғалтқан азаматтарға бағытталған жаңа алаяқтық толқыны. Әлеуметтік желілерде «жоғалған инвестицияларды қайтару» қызметтері белсенді түрде жарнамалануда. Бір қарағанда — әділдікті қалпына келтіру мүмкіндігі. Іс жүзінде — бұл қайталама алаяқтық схемасы. Мұндай «делдалдар» адамдардың үміті мен эмоциясына әсер етіп, қосымша ақы арқылы қаражатты қайтаруды ұсынады. Нәтижесінде жәбірленушілер қайтадан шығынға ұшырайды.


Алаяқтар күшпен емес — сенім арқылы әрекет етеді.

Олар мыналарды уәде етеді:

- * жоғары және кепілдендірілген табыс;
- * қаржылық мәселелерді жылдам шешу;
- * ерекше инвестициялық мүмкіндіктер.

Дәл осы факторлар сыни ойлауды әлсіретеді. Өзіңізді қалай қорғауға болады: негізгі қауіпсіздік ережелері. Технологиялар қауіпсіздік дағдыларынан жылдам дамып жатқан жағдайда, негізгі қағидаларға сүйену маңызды:

- * күмәнді сілтемелерге өтпеу;
- * жеке және банктік деректерді үшінші тұлғаларға бермеу;
- * әлеуметтік желілер мен мессенджерлер арқылы ұсынылатын инвестицияларды мұқият тексеру;
- * тәуекелсіз жоғары табыс уәделеріне сыни көзқараспен қарау;
- * алаяқтық белгілері анықталған жағдайда дереу құқық қорғау органдарына және банкке хабарлау.



Қоғамдық диалогтың рөлі де маңызды. Отбасында, жұмыста және білім беру ортасында киберқауіпсіздік тақырыптарын талқылау сақтық мәдениетін қалыптастырады. Мемлекет, қаржы секторы және технологиялық компаниялар арасындағы өзара іс-қимыл жаңа қауіптерге қарсы тұруда шешуші рөл атқарады. Реттеуші органдар цифрлық өзгерістерге сай заңнамалық тетіктерді уақытылы жетілдіруі тиіс.

Бір нәрсе анық: алаяқтық одан әрі технологиялық сипат ала береді. Жасанды интеллект, автоматтандыру және тұлғаны қолдан жасау — бүгінде шынайы қауіп.

Сонымен қатар қорғаныс деңгейі де өсіп келеді. Ақпараттану — қауіпсіздіктің жаңа формасы, ал мұқияттылық — стратегиялық артықшылық.

Мемлекеттік құрылымдар бұл бағыттағы жұмыстарын күшейтуде: арнайы бөлімшелер құрылып, трендтер талдануда, алдын алу шаралары әзірленуде. Азаматтар алаяқтық күдігі туындағанда қайда жүгіну керектігін және қандай әрекет жасау қажеттігін білуі тиіс.

Технологиялық күрделілікке қарамастан, алаяқтықтың табысы әлі де адам факторына — эмоцияға, асығыстыққа және сенімсіздікке байланысты.

Сондықтан басты міндет — «цифрлық иммунитетті» қалыптастыру: ақпаратты сыни тұрғыда бағалау, сабыр сақтау және манипуляцияға берілмеу қабілеті.

Алаяқтар сеніммен ойнайды. Ал басты мәселе — технологияда емес, жеңіл табыс уәде етілген сәтте сананы сақтай білу қабілетінде.

Болашақта одан да күрделі алаяқтық схемалар пайда болуы мүмкін — мысалы, виртуалды және толықтырылған шындық технологияларын қолдану арқылы. Дегенмен, тәжірибе көрсеткендей, адамзаттың бейімделу қабілеті әрқашан қауіптен алда болады.

Цифрлық сауаттылық — енді таңдау емес, қажеттілік. Өзіңізді және ресурстарыңызды — қаржылық әрі психологиялық — қорғаныз.

Әлия ХАСЕНОВА,
Жастар орталығының маманы.

Ақмол.

■ **Хабарландыру**

«Мейлин Центральная Азия Стройматериалы» ЖШС «Ақмола облысы, Целиноград ауданы, Софиев ауылдық округі мекенжайында орналасқан кірпіш зауытының құрылысы (сыртқы желілер мен сметалық құжаттамасыз)» жұмыс жобасына «Ықтимал әсер ету туралы есеп» жобасы бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізеді.

Аумағына әсер етуі мүмкін және аумағында қоғамдық тыңдаулар өткізілетін әкімшілік-аумақтық бірліктердің тізбесі: Целиноград ауданы, Софиевка а.

Учаскенің орта географиялық координаттары: 51°24'06.82»С.Е., 71°42'04.61»Ш.Б..

Әсер ету аумағының географиялық координаттары: 51°22'07.35»С. Е., 71°43'13.98»Ш. Б.

Тыңдау 14.09.2026 ж. сағат 15:00-де мына мекен-жай бойынша өтеді: Ақмола облысы, Целиноград ауданы, Софиевка а.о., Қабанбай батыр көшесі, 33 (Мәдениет үйі). Ашық жиналысты өткізу мерзімі қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың шешімі бойынша қатарынан бес жұмыс күніне дейін ұзартылуы мүмкін. Тыңдау аралас форматта өтеді, қатысу үшін мекенжайға келу немесе ZOOM Meeting Cloud қосымшасын жүктеп алу қажет. Конференция идентификаторы: 413 945 6516. Құпия сөз 777.

Бастамашы – «Мейлин Центральная Азия Стройматериалы» ЖШС, БСН 260340010793, Астана қаласы, Бейбітшілік көшесі, 25-үй, 308/2 кеңсесі, тел.: 87016687754.

Жобаны әзірлеуші «АЛАИТ» ЖШС, БСН 100540015046, Ақмола обл., Көкшетау қ, Васильковский 4Г ш/а., тел.: 8(7162)514141.

Танысу материалдары ақпараттық жүйеде: <https://ndbecology.gov.kz> және ЖАО сайтында: <https://www.gov.kz/memleket/entities/aqmola-upr?lang=ru> орналастырылған.

Қоғамдық тыңдаулар өткізу кезінде межеленіп отырған қызмет туралы қосымша ақпарат алуға, сондай-ақ межеленіп отырған қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін e-mail: alait2030@gmail.com және тел.: 8(7162)514141.

ЖАО жұртшылықтың қоғамдық тыңдауларды өткізу туралы ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз етуге жауапты – «Ақмола облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, Көкшетау қ, Абая қ, 89 үй, тел.: 8(7162)401403, электрондық мекен-жайы: upr.expertiza@mail.ru.

■ **Мамандар кеңесі**

ЕМШЕК СҮТІНІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

БАЛА ҮШІН БҮЛ:

- * қалыпты тәндік және психологиялық дамуы;
- * анасымен биологиялық және эмоциональдық байланысының орнығуы және ұзаққа сақталады;
- * алдағы жылдарға инфекциялық аурулардан, оның ішінде жедел ішек, респираторлы-вирустық инфекциялардан, диареядан қорғаныс;
- * аллергияға бейімділіктің даму қауіпі төмендейді;
- * көз көру жітілігі мен психомоторлық дамуы;
- * ас қорыту жүйесінің ауру жиілігі төмендейді;
- * жас сүйектерінің пішіні мен дамуының жақсаруына байланысты тістеу ақаулары азаяды;
- * ақыл-ойдың даму көрсеткіштері артады;
- * отит және оның реидив жағдайларының жиілігі төмендейді.

АНА ҮШІН БҮЛ:

- * ананың босанғаннан кейінгі күшінің қалыпқа келуіне ықпал етеді, анемия мен басқа ақаулардың дамуын төмендетеді;
- * алғашқы алты айда тек ана сүтімен емізу жүктіліктің алдын алудың (98%) сенімді әдісі;
- * жүктілікке дейінгі дене салмағына оралуға әсер етеді;
- * сүт және аналық бездердің қатерлі ісігінің даму қауіпін азайтады;
- * емшекпен емізу кезеңі әйел өміріндегі аса жағымды да бақытты сәттердің бірі;
- * климаттан кейін остеопороз даму қауіпі азаяды.

Алмагүл ЖАНАБЕРГЕНОВА,
аудандық емхана.

Ақмол.



Бас редактор
Ж. С. ТҮГЕЛБАЕВ

Меншік иесі:
«Перне» ЖШС
(Ақмола облысы
Целиноград
ауданы)

Газет редакцияның компьютерлік цехында теріліп, беттеледі.
«Астана Интер-Трейдинг» ЖШС (Астана қаласы, Жұбанов к-сі, 24/1) баспаханасында басылып шығарылды.
Мерзімдік баспасөз басылым, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою туралы N 16264-Г Күулігін 2016 жылы 23 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.
Таралымы – 1000 дана. Тапсырыс-наряд N 151.
Индекс 65821. Газет бейсенбі күні шығады. Көлемі 1 баспа табақ.

Редакция әрбір автордың пікірімен келісе бермейді. Келтірілген деректерге, сондай-ақ хабарландырулар мен жарнамаларға - берген кісілер жауапты.



Ақмол ауылы Гагарин көшесі, 2
8(716-51) 30-537

e-mail: vestiakmola@mail.ru

Сайт: vestiakmola.kz

